

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2015 жылға арналған субсидия көлемдерін бекіту туралы

Павлодар облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 11 ақпандағы № 35/2 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 26 ақпанда № 4322 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 11-бабы 2-тармағының 4), 7) тармақшаларына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 3-1/600 бұйрығымен бекітілген Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларының 5-тармағына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Қоса беріліп отырған Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2015 жылға арналған субсидия көлемдері бекітілсін.

"Павлодар облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуінен кейін он күнтізбелік күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін қамтамасыз етсін.

Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Н.К. Әшімбетовке жүктелсін.

Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімінің
міндетін атқарушы

Д. Тұрғанов

Павлодар облысы әкімдігінің
2015 жылғы "11" ақпандағы
№ 35/2 қаулысымен
бекітілді

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2015 жылға арналған субсидия көлемдері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Павлодар облыстық әкімдігінің 09.11.2015 № 310-а/11 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

№ п/п	Субсидиялау бағытының атауы	Өлшем бірлігі	Субсидиялау нормативтері, 1 бірлік үшін, теңге	Субсидияландырылатын көлемі (бас, килограмм, дана)	Субсидиялау сомасы, мың теңге
1	2	3	4	5	6
1	Мал шаруашылығы				
1.1	Жеке қосалқы шаруашылықтардағы ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	3000	3 926	11 778
2	етті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы				
2.1	Асыл тұқымды және селекциялық жұмысты жүргізу				
2.2	тұқымдық түрлендірумен қамтылған ірі қара малдың аналық мал басы	бас	18 000	7 473	134 508
	Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен тұқымдық түрлендірумен қамтылған ірі қара малдың аналық мал басы	бас	18 000	33 333	600 000
2.3	асыл тұқымды ірі қара малдың аналық мал басы	бас	20 000	11 810	236 200
2.4	Асыл тұқымды және селекциялық ірі қара малды сатып алу				
2.5	отандық асыл тұқымды ірі қара мал	бас	154 000	2 065	317 940,2
2.6	Импорнтталған асыл тұқымды ірі қара мал (Австралиядан, АҚШ және Канададан)	бас	200 000	1000	200 000
2.7	импорнтталған селекциялық ірі қара мал	бас	118 000	201	14 160,4
2.8	Сиыр етін өндіру үшін арзандату:				
2.8.1	1-деңгей	кг	300	1 183 333,4	355 000
2.8.2	2-деңгей	кг	170	147 100	25 007
2.8.3	3-деңгей	кг	100	369 880,88	36 988,088
2.9	Бұқашықтарды субсидиялаудың бірінші деңгейіндегі бордақылау алаңдарына өткізу	бас	24 000	1000	24 000
	Барлық сомасы				1 955 581,688
3	сүтті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы				
3.1	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмысты жүргізу				
3.2	асыл тұқымды ірі қара малдың аналық мал басы	бас	20 000	7 354	147 080
3.3	Асыл тұқымды және селекциялық ірі қара малды сатып алу				
3.4	отандық асыл тұқымды ірі қара мал	бас	154 000	146	22 443,4
3.5	импорнтталған селекциялық ірі қара мал (Ресейден, Белоруссиядан және Украинадан әкелінген асыл тұқымды малды қоса есептегенде)	бас	118 000	72	8 496
3.6	Сүт өндіру үшін құнын арзандату:				
3.6.1	1-деңгей	кг	25	8 701 178	217 529,450

3.6.2	2-деңгей	кг	15	10 066 667	151 000
3.6.3	3-деңгей	кг	10	5 200 000	52 000
	Барлық сомасы				598 548,850
4	етті бағыттағы құс шаруашылығы				
4.1	Құс етін өндіру үшін арзандату :				
4.1.1	3-деңгей	кг	50	1 186 171	59 308,550
	Барлық сомасы				59 308,550
5	жұмыртқа бағыттағы құс шаруашылығы				
5.1	Тағамдық жұмыртқа өндіру үшін арзандату :				
5.1.1	2-деңгей	дана	2,6	69 551 113	180 832,894
	Барлық сомасы				180 832,894
6	жылқы шаруашылығы				
6.1	Асыл тұқымды жылқыларды сатып алу	бас	40 000	35	1 400
6.2	Мыналарды өндіру үшін құнын арзандату:				
6.2.1	қымыз	кг	60	500 034	30 002
6.2.2	жылқы еті	кг	92	124 359,5	11 441,074
	Барлық сомасы				42 843,074
7	шошқа шаруашылығы				
7.1	Шошқа етін өндіруге құнын арзандату	кг	98	2 989 578	292 978,644
	Барлық сомасы				292 978,644
8	кой шаруашылығы				
8.1	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу				
8.2	тұқымдық түрлендірумен қамтылған аналық кой басы, асыл тұқымдық зауыттар мен шаруашылықтардағы асыл тұқымдық аналық кой басы	бас	1 500	18 492	27 738
8.3	Асыл тұқымды тоқтылар мен тұсақтарды сатып алу	бас	8000	217	1 736
8.4	кой етін өндіру үшін құнын арзандату:				
8.4.1	2-деңгей	кг	100	77 183	7 718,300
	Барлық сомасы				37 192,3
	Барлығы				3 167 286